

Екібастұз қалалық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы "Екібастұз қаласының Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" № 497/64 шешімінің күшін жою туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 164/22 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қазанда № 30026 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Екібастұз қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Екібастұз қалалық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы "Екібастұз қаласының Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" № 497/64 шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7191 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қалалық мәслихатының хатшысы

Б. Қуспеков